

Ақпарат

2024 жылдың қыркүйек айында Кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес мектеп психологы – Илясова Меруерт, кәсіби бағдар беруші педагог Темір Райхан 5-8 сыныптарға «Мамандыққа жол мектептен басталады», 9-11 сыныптарға «Кәсіптік бағдар бойынша кеңестер беру» тақырыбында кәсіби бағдар беру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілік қалыптастыру, бағыт бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету. Оқушылардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету. Оқушыларға мамандық таңдауға кеңес беру жұмыстары мен- кәсіби таңдау бойынша жеке кеңес беру жүргізілді. Кәсіби өзін- өзі анықтауға көмек көрсетілді.

Оқушыларға мамандық алудың 5 баспалдағы туралы түсіндіріліп, Мінез-құлқына қарап психологиялық тұрғыдан түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті талап етеді және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Бұл мамандықтарға деген бірқалыпты тұрақты сұраныс деп аталады. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтары жатады. Қоғамның дамуында біздің өңірде, қазба- байлықтарын игеретін мамандық иелері қажет. Оқушылар өздерінің мамандыққа деген қызығушылықтарын, қабілеттерін айтып өтті, 5 «а,ә» сынып- 35 оқушы, 6 «а,ә» сынып- 36 оқушы, 7 «а,ә» сынып- 31 оқушы, 8 «а,ә» сынып- 36 оқушы, 9 «а,ә» сынып- 44 оқушы, 10 қатысты.

Сонымен қатар, оқушыларға арналған “Болашағым өз қолымда” тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Тренинг мақсаты: оқушылардың сенімділігін, мінез – құлық, эмоциялық сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру болып табылады. Тренинг барысында “Сәлемдесу”, “Мен өзіме сенімдімін”, “Кедергілерді жеңу” тақырыбындағы жаттығулары өткізілді. Тренинг соңында оқушылар өздерінің мамандыққа деген қызығушылықтарын айтып өтті. Жаттығулардан алған әсерлерімен бөлісті.





